
**РЕСПУБЛИКА АЙМАҚТАРЫ МЕН САЛАЛАРЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ ЖӘНЕ
ОЛАРДЫҢ ӘЛЕМНІҢ БӘСЕКЕҚАБІЛЕТТІ 50 ЕЛДЕР ҚАТАРЫНА ҚОСЫЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ПРОБЛЕМЫ ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ РЕГИОНОВ И ОТРАСЛЕЙ РЕСПУБЛИКИ
В СВЕТЕ ВХОЖДЕНИЯ ЕЕ В ЧИСЛО 50-ТИ КОНКУРЕНТОСПОСОБНЫХ СТРАН МИРА**

ӘОЖ 338.436.33 + 330.837 + 338.22

С.Н.Улақов

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

**ЕЛІМІЗДІҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ —
СТРАТЕГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕ**

В статье рассматривается стратегия обеспечения продовольственной безопасности страны. Изложены основные направления стабилизации и развития рынка продовольствия. Приводятся статистические примеры по рыночным ценам продовольствия.

Different aspects of Food security in national and regional system is regarded in the article. The author especially refers to specific peculiarities of social-economic development of the country. Statistical examples for foodstuffs market prices are resulted.

Еліміздің ұзақ мерзімді орнықты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған маңызды стратегиялық мәселелердің бірі — азық-түлік қауіпсіздігі және ауыл шаруашылығындағы өңдеу өнеркәсібін дамыту жайы. Ал, азық-түлік қауіпсіздігі дегеніміз — халық тұтынатын тағамдардың рынокта тұрақты түрде қамтамасыз етілуі және оларға халықтың қолжетімділігі, сондай-ақ ол азық-түліктің сапалы болуы секілді бірқатар алғы шарттардан тұратындығы белгілі.

Қазақстан экономикасы қазіргі күні әлемдік экономикаға жедел түрде интеграцияланып, соның бір бөлшегіне айналып келе жатыр. Мұндай жағдайда әлемдік рынокта болып жатқан құбылыстар Қазақстанға да әсер етпей қоймасы тағы да анық.

Биылғы 2009 жылдың басы және оның алдындағы 2008 жылды да халық жадынан ерекше орын алатын жылдардың қатарына қосуға болады. Өйткені осы жылдары халықаралық рыноктағы баға құбылысына сәйкес елімізде нан, өсімдік майы және басқа да азық-түлік өнімдерінің бағасы күрт өсіп шыға келгендігі белгілі. Бір жақсысы, Үкімет осы қиындықтарды жедел еңсерудің жолын тез тапты. Сөйтіп халықаралық рынокта шырқап тұрған баға Қазақстанның ішкі рыногында сабасына тез түсіп, өзінің тұрақтылығын сақтап қалды. Міне осындай жағдайда Қазақстан Үкіметінің инфляцияға қарсы шараларды жедел қабылдай отырып, тығырықтан тез шығуы халықаралық қауымдастықтың да назарын аудара бастады. Мысалы, ТМД елдері осы оңды тәжірибені өз елдерінде қолданудың жолдарын қарастыру үстінде. Бұл жағдай маңызды экономикалық бағыттардағы Қазақстанның ТМД елдері алдында көшбасшылық рөлі одан әрі беки түскендігін білдірсе керек.

Алайда Қазақстан Үкіметі осы жетістіктерді қанағат тұтып қалған жоқ. Өйткені елімізде астық, ет, сүт, жұмыртқа және бақша дақылдары ішкі рынок сұранысынан әлдеқайда артық өндіріледі, немесе қажеттілікті толықтай өтеуге мүмкіншілік бар. Сондықтан бұл өнімдерді заман талабына сай өңдеу ісін қамтамасыз ете отырып, экспортқа бағыттаудың жаңа мүмкіндіктерін қарастыру қажет. Ал өсімдік майы, қант, жеміс-жидек өндіру ісі ішкі сұранысты толық өтей алмай отыр. Демек, осы өнімдерге қатысты импорттық саясатты реттей отырып, азық-түлік қауіпсіздігін толықтай қамтамасыз ету қажеттігі туындайды.

Қазіргі қаржы дағдарысы бүкіл әлем бойынша азық-түлік бағасының көтерілуімен қат-қабат келіп отыр. Сарапшылардың болжамы бойынша, азық-түлік бағасы көтерілуінің ұзақ мерзімдік сипаты бар. Себебі, әлем бойынша азық-түліктің жылдан жылға көшіп отыратын ауыспалы қорларының көлемі төмендеп кеткен. Осы мәселеге орай әлем елдері осы олқылықтың орнын

толтыруға көмектесетін мүмкіндіктерді іздестіруде. Соңғы кездері азық-түлік қауіпсіздігі барлық елді алаңдатып отыр. Үкіметтің 2008 жылы атқарған жұмыстарының басты басымдықтарының қатарында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мәселесі де болды. Бүгінде еліміздің агроөндіріс кешені тұрақты дамып келеді. Өз кезегінде ол мемлекеттегі азық-түлік қауіпсіздігін толық қамтамасыз етіп, ішкі нарықтың тұрақтылығына негіз болуда.

Нақты мәліметтерге сүйенетін болсақ, 2008 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі 1,3 трл. теңгені құрады. Ал оның ішкі жалпы өнім көлеміндегі үлесі 6 % жуықтайды. Жалпы 2008 жылы ауыл шаруашылығы секторын мемлекет тарапынан қолдау шарасы алдыңғы жылдағы көрсеткіштен 1,7 есеге артық болды. Сондай-ақ субсидиялар көлемі де 20 есеге көбейіп, несиелер мөлшері 2,2 есеге артты. Нәтижесінде ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер егістік көлемін кеңейтіп, өндіріс көздерін басым бағытқа бұруға мүмкіндік алды. Сонымен қатар техникалық және технологиялық жағынан жарақтанып, жаңа өндіріс көздерін аша бастады. Егін шаруашылығы да орнықты дамып келеді. Егін шаруашылығын әртараптандыру жөніндегі шаралардың арқасында былтыр дәнді дақылдардың егістік көлемі 5,1 %, майлы дақылдар 35 %, көкөністер 17 %, ал қант қызылшасы 39 % өсті. Мұндай даму қарқыны, әрине, еліміздің ауыл шаруашылығы саласындағы экспорт әлеуетін арттырып, ішкі нарықты қажетті азықпен кең көлемде қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің деректері бойынша, инфляция деңгейі 2009 жылғы наурызда 0,8 % құраған. Осы айында азық-түлік тауарлары рыногында ет өнімінің бағасы 0,5 %, балық және теңіз өнімдері — 1,1, жеміс-жидек және көкөністер — 2,1, алкогольсіз сусындар — 3,8, қант 4,4 % артқаны белгіленді (1-кесте).

1 - кесте

Тауарлар мен қызметтер бағасының артуы *

	2009 жылғы наурыз				2008 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда 2009 жылғы қаңтар-наурыз
	2009 жылғы ақпанда	2008 жылғы желтоқсанда	2008 жылғы наурызда	2005 жылғы желтоқсанда	
Барлық тауарлар және қызметтер	0,8	2,0	8,9	43,7	8,8
Азық-түлік тауарлар	0,6	1,3	8,3	52,5	8,8
Азық-түлік емес тауарлар	1,5	2,9	7,1	28,8	5,9
Ақылы қызметтер	0,5	1,9	11,6	46,3	11,7

* Ескерту. Пайызға шаққанда артуы +, төмендеуі.

Сонымен қатар, күнбағыс майы бағасының 5,1 %, жұмыртқа — 4,4, ұн — 1,6, шикі сүт — 1,1, жармалар — 0,4, нан 0,1 % төмендегені белгіленді (2-кесте).

Негізгі азық-түлік тауарлары бағасының айтарлықтай өсуі ағымдағы жылғы ақпан айында болған курстың күнсыздануымен байланысты [1].

Мал шаруашылығында да дамудың орнықты қарқыны сақталып отыр. Бұл салада мал басының орташа жылдық өсу қарқыны 5–7 % шамасында. 2007 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2008 жылғы желтоқсанның 1-індегі жағдай бойынша ірі қара малдың басы 2,8 %, қой-ешкі басы — 5, шошқа — 1, жылқы басы — 6, түйе басы — 3,4, құс 10,5 %, артты. Мал шаруашылығы өнімдерін өндіруде де оң үрдіс байқалып отыр. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу көрсеткіші жыл сайын еселеніп келеді. Банк несиелері бойынша сыйақы мөлшерін субсидиялау жөніндегі мемлекеттік қолдау шараларының арқасында лизингтік компаниялар жаңа технологияларды енгізуде, ауыл шаруашылығының шикізат өнімдерін өңдеудің үлесі артып, шығарылып отырған өнімдердің түрлері кеңейтілуде.

Әлемдік азық-түлік нарығында қалыптасқан жағдайды ескерсек, азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі 2008 жылы барлық елдің экономикалық және әлеуметтік өмірінің негізгі мәселесінің біріне айналды.

Саланың даму қарқынының баяулауына жол бермеу, инфляциялық үдерістерді ырықтандыру, ішкі рынокты азық-түлік тауарларымен толтыру және осының негізінде халықтың тұрмысын қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан Республикасының Үкіметі бірқатар жүйелі және кешенді

шаралар қабылдап отыр, осының арқасында қазіргі уақытта елдің азық-түлік рыногындағы ахуалдың тұрақтанып отырған жайы бар. Ішкі рыноктағы азық-түлік қажеттілігін қамтамасыз етуде әлеуметтік маңызы зор азық-түлік тауарлары бойынша құрылған тұрақтандыру қорлары үлкен рөл атқарды. Үкімет әлемдегі азық-түлік дағдарысының алдын орап, сатылатын бидай мен күріш, өсімдік майы, құрғақ сүт, ет, сары май секілді азық-түлік қорын құрып үлгерген болатын. Елдің ішкі астық нарығындағы жағдайды тұрақтандыру мақсатында 600,0 мың т астық сатып алу жоспарланып, осы мақсатқа республикалық бюджеттен 7,2 млрд. теңге бөлінді. Бұған қоса осы мақсатқа Азық-түлік корпорациясы келісім-шарт арқылы бюджеттен тыс қаржы көздерінен 10,8 млрд. теңге тартылды. Осылайша 2008 жылғы желтоқсан айының көрсеткіші бойынша 579,6 мың т астық алынды. Ал ішкі рынокты өсімдік майымен толық қамтамасыз ету мақсатында Үкімет бірқатар дақылдарды экспорттауға уақытша тыйым салды.

2 - к е с т е

**Қазақстан Республикасындағы негізгі азық-түлік тауарларының
2009 жылғы наурыздағы орташа бағасы**

	Бір килограммға шаққандағы баға, теңгемен					2008 жылғы наурыздағы орташа баға	
	орта	барынша төмен		барынша жоғары			бөлу, есе
		қала	бағасы	қала	бағасы		
Бірінші сұрыптағы бидай ұны	84	Павлодар	57	Астана	123	2,2	77
Бірінші сұрыптағы бидай ұннан жасалған нан	78	Ақтөбе	59	Ақтау	103	1,7	7,5
Күріш	209	Қызылорда	127	Астана	264	1,5	124
Ұнтақ жарма	121	Павлодар	80	Атырау	191	2,4	93
Қарақұмық жармасы	137	Павлодар	109	Ақтау	202	1,8	132
Сиыр еті	602	Көкшетау	476	Алматы	751	1,6	566
Сары май	663	Жезқазған	476	Алматы	936	2,0	608
Күнбағыс майы, л	242	Өскемен	205	Ақтау	358	1,7	313
Шікі сүт, л	99	Көкшетау	74	Алматы	143	1,9	92
Он жұмыртқа	178	Қостанай	130	Алматы	237	1,8	193
Картоп	75	Павлодар	55	Ақтау	95	1,7	75
Ақшыл орамжапырақ	61	Павлодар	38	Ақтау	95	2,5	111
Қант	126	Жезқазған, Қостанай	117	Алматы	147	1,3	105
Шәй	1018	Көкшетау	873	Астана	1239	1,4	865

Сондай-ақ «ҚазАгро» ұлттық компаниясы оңтүстік өңірде көкөніс кластерін дамыту жұмыстарының аясында Оңтүстік Қазақстан облысында тамшылап суару технологиясын қолдана отырып, көкөніс өндіруді дамыту жобасын жүзеге асыра бастады. Қазіргі кезде тұрғындардың азық-түлікке деген сұранысын қамтамасыз ету үшін азық-түлік қоймалары мен жылыжайларды іске қосу жұмыстары жалғасуда. Осыған орай 2009 жылы елде «ҚазАгро» холдингінің есебінен сыйымдылығы 34,9 мың т құрайтын 10 нысанның жұмысы жолға қойылатын болды.

Азық-түлік тапшылығы — қаржы дағдарысымен қабаттасқан проблема. Сондықтан бұл мәселе үнемі Үкімет назарында болады. Өткен 2008 жылдың тоғыз айының өзінде ауыл шаруашылығын дамыту арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 135 млрд. теңге бөлінді. Қаржылай қолдау алдағы уақытта да жалғасады. Министрлер кабинеті ішкі нарықты тұрақтандыру үшін негізінен 5 бағытта шара қолданды. Бірінші, күнделікті тұрмысқа қажет азық-түліктің қоры жасақталды. Екінші, күріш, қант, өсімдік майы сынды кейбір тауарлардың экспортына шектеу қойылды. Керісінше, сырттан келетін өнімге салынатын импорттық салықты төмендетті. Бұл үшінші бағыт. Төртінші, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының ішкі нарықтағы жауапкершілігін күшейтетін меморандумға қол қойылды. Бесіншіден, бағаны әдейі өсіретін алыпсатарлармен күрес күшейді. Заңнамалық тұрғыда осы бағытта да біраз жұмыс істелгенін айтсақ болады [2].

Атап айтқанда, тамақ өнімдерінің, бірінші кезекте, нанның, ұнның, майдың, қанттың бағаларының өсуі жергілікті билік органдары тарапынан да күн сайынғы қатаң бақылауға алынды. Әлеуметтік маңызы бар тауарлар өндірушілер және қызмет көрсетушілермен меморандумдарға қол қойылды, кейбір азық-түлік тауарларын, соның ішінде өсімдік майы мен күнбағыс тұқымдарын

сыртқа әкетуге уақытша шектеулер енгізілді, ал импорт баждары елеулі түрде төмендетілді. Мемлекеттің ішкі рынокқа барынша кірігуін жүзеге асыру үшін осындай жағдайлар туындағанда мемлекеттік азық-түлік резервтері қалыптастырылды. Сондай-ақ кеден тарифі мен экспорттық реттеу жөнінде шаралар қолданылды. Ал бұл арада мынаны атап көрсету керек: егер де сол кезде осы іс-қимылдар жасалмаса, азық-түлікке бағалар бүгінде елеулі түрде жоғары болар еді. Бұл орайда қазір Үкімет алға қойып отырған шешуші міндет — азық-түлікпен өзін жеткілікті қамтамасыз ету. Яғни бұл ретте Министрлер Кабинеті саясатының басымдығы мен стратегиялық ұлттық мүддесі ауыл шаруашылығы өнімі өндірісі, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдай жасауда байқалады. Мұнда ауыл шаруашылық саласына берілетін мақсатты несиелер де, инвестицияларды тарту да, соның ішінде аграрлық-өнеркәсіптік кешеннің басым секторларына мемлекеттік субсидиялау да бар.

Азық-түлік тапшылығын болдырмаудың тағы бір жолы — ірі қалалардың маңынан азық-түлік белдеуін құру. Мұндай шаруа қазір Астана мен Алматы қалаларында іске асып жатыр. Ауыл шаруашылығы министрлігінің даму институттары Астана аймағына кіретін агроөнеркәсіп кешенінің 142 бизнес-жобасын қарастырып отыр. Ал «ҚазАгроның» еншілес компанияларына құны 23,2 млрд. теңгені құрайтын 74 жоба келіп түскен. Олардың арасында 13,8 млрд. теңге тұратын 58 ұсыныс қабылданды. Қазіргі кезеңде «ҚазАгро» қаржыландырған кейбір нысандар Елорда базарларына ет, жұмыртқа, шұжық, сүт өнімдерін жеткізіп отыр. Көп кешікпей облыс орталықтарында да осындай шаралар қолға алынады деп Ауыл шаруашылық министрлігінің хабардар еткенін айта кету керек. Қазір Алматының азық-түлік белдеуін ұйымдастыру мақсатында тиісті жоспарлар құрылуда. Болашақта Алматы мен Астана қалаларының тәжірибесі негізінде еліміздің барлық облыс орталықтары мен қалаларында осындай азық-түлік белдеулері құрылатын болады.

2008–2009 маркетингтік жылы экспортқа астық шығару оның алдындағы жылдарға қарағанда күрделі мәселе болды. Өйткені біздің халықаралық астық рыногындағы жақын бәсекелестеріміз Ресей мен Украинада астық бітік шығып, Қара теңіздегі және Балық жағалауындағы астық терминалдарына қол жеткізу мүмкіндігі шектеліп қалғандықтан, бұл бағытқа астық шығару тоқырап қалды. Қазіргі кезде қазақстандық астықты сыртқа тасымалдауда Ақтау айлағы жиі пайдаланылуда. Оның өткізу қабілеті жылына 600 мың т құрайды. Ал астықты сыртқа тасымалдау шараларын жетілдіру үшін қазір Әмірабад (Иран) айлағында астық терминалын құру жобасы жүзеге асырылуда. Бүгінде бұл терминалдың өткізу қабілеті жылына 500-ден 700 мың т дейін жетеді. Астық экспортының көлемін арттыру үшін 2007 жылы Қазақстан Каспийдің Әзербайжан жағалауында арнайы астық терминалының құрылысына инвестиция салуға кіріскен болатын. Бұл терминал іс жүзінде қазақстандық астықты қабылдайтындықтан және ол бірінші кезекте біздер үшін тиімді болғандықтан, Кавказ бен Қара теңіз өңіріне және Жерорта теңізі мен Иранға астық тасымалдау үшін Иранның Имам Хомейни айлағы мен Қара теңізде (Украина), Қытаймен шекарада тап осындай кешендер салу жоспарлануда.

Сондай-ақ елімізде ет өнімдерінің экспорттық әлеуетін арттыру үшін «Мал өнімдері корпорациясы» акционерлік қоғамы мен өзге де бірқатар бизнесқұрылымдардың қатысуымен халықаралық стандарттар негізінде заманға сай дамыған инфрақұрылымы бар бордақылау алаңдарын ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуде. Осындай жұмыстар Алматы облысының Балқаш ауданына қарасты Ақдала ауылында және Батыс Қазақстан облысының Зеленов ауданының Янайкино ауылында да жүргізілуде. Бұл кешендердің қуаттылығы жылына 5 мың бас малдан 1 мың 100 т ет өндіре алады. Бұған қоса ағымдағы жылы республика бюджетінен сүт және ет өндіру бағытындағы ірі мал шаруашылығы фермаларына қажетті құралдар алу үшін 5,270 млн. теңге бөлінді. Осы уақытта «ҚазАгроқаржы» акционерлік қоғамы құны 4,671 млн. теңге тұратын 6 мегаферманың жобасын мақұлдап, тағы 1 жұмыс істеп тұрған мегаферманы қаржыландыруға келісім берді. Сонымен бірге бірқатар мемлекеттердің компанияларымен асыл тұқымды мал түрлерін жеткізу жөнінде келісім жасалды. Осындай жұмыстардың нәтижесінде қазақстандық мал шаруашылығы өнімдерін сыртқа кеңінен экспорттауға күш салынуда. Сонымен қатар осы жұмыстардың арқасында халықаралық стандарттарға негізделген ірі мал бордақылау және сүт өңдеу кешендерін ашып, осы бағыттағы кәсіпкерліктің де дамуына мүмкіндік туады.

2008 жылы сондай-ақ экономиканың аграрлық секторының заңнамалық базасын әрі қарай жетілдіру жөніндегі жұмыстар да жүргізілді. Осы шаралардың аясында Үкімет тарапынан ҚР Парламентіне «Кейбір заңнамалық актілерге азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Кейбір заңнамалық актілерге астық нарығын реттеу және агроөнеркәсіптік кешеннің жекелеген бағыттарын мемлекеттік қолдау мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» екі заң жобасы жіберілді. Алайда, реті келгенде айта

кету керек, бұл заңға енгізілетін толықтырулар «Азық-түлік қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдауды толықтай айырбастай алмайтындықтан, Үкіметке және Парламентке 2007 жылдың аяғында көтерілген осы мәселені сөзбұйдаға салмай күн тәртібіне шығарған өте орынды болар еді [3].

Елбасының берген тапсырмасына орай «Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009–2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары» қабылданды.

Агроөнеркәсіп кешенін дамыту ісі де тұрақтандыру жоспарының басым бағыттарының бірін құрайды. Осы салаға 2009–2011 жылдары шамамен 350 млрд. теңгенің қаржысы бөлінеді. Үкімет оператор болып табылатын инвестиция түрінде қосымша 120 млрд. теңгенің қаржысын тартатын болады. Бұл қаржылардың негізгі дені инфрақұрылымдарды жаңғыртуға, жанадан құс фабрикаларын, ет комбинаттарын, көкөніс қоймаларын, тауарлы сүт фермаларын, бордақылау алаңдарын, ерте көктемде көкөніс өсіретін жылыжайларды салуға бағытталады. Салыстыру үшін айта кетсек, «Ауыл жылдары» деп аталған үш жылда бұл салаға 150 млрд. теңге қаржы бөлінсе, ендігі қолдау деңгейі одан үш-төрт есе асып түсіп отыр. Демек, ауыл шаруашылығы осы үш жылда қарқынды дамып, болашақта ең тартымды салалардың біріне айналуы тиіс.

Статистикалық деректерге қарағанда, қазір жер шары халқының 40 % азық-түлік тапшылығын тартып отырса, 20 % аштықта өмір сүруде. Мұның басты себебі қымбатшылықта дейді мамандар. Бір ғана 2007 жылы азық-түлік бағасы 40 % өскен. Соның әсерінен әлемде азық-түлік қоры азайған. Мысалы, 2008 жылдың басында дүниежүзінде 116 млн. т ғана бидай қоры болды. Бұл соңғы 30 жылдағы ең аз көрсеткіш. Дүниежүзілік деңгейде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін оны 3–4 есеге ұлғайту қажет. Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) азық-түлік кеңесі сарапшыларының пікірлеріне қарағанда, алдағы уақытта астық егістігін барынша кеңейте түсуге Ресей, Украина, Қазақстан елдеріндегі әзірге бос жатқан алқаптардың маңызы үлкен. Астана қаласында 2008 жылдың күзінде өткен халықаралық аграрлық инвестициялық форумда БҰҰ басшысы атынан форум қонақтарына құттықтау сөз арнаған оның арнаулы өкілі осы мәселе жөнінде Қазақстан мүмкіндіктеріне тоқтала келе, әлемдік азық-түлік ұйымның біздің елімізден үлкен үміт күтетіндігін жеткізген болатын. Демек, Қазақстан алдағы уақытта мұнай, металл кендерімен ғана емес, өзінің жылдан жылға дами түскен агроөнеркәсіптік секторы арқылы да әлемдік саясатқа ықпал етпек.

Еліміздің агроөнеркәсіп кешені — сыртқы экономикалық байланысымыздың аса бір маңызды саласы. Ауыл шаруашылық тауарларының экспорт көлемі соңғы бес жылда екі есеге өсіп, өткен жылы 717,6 млн. АҚШ долл. жеткен. Ауылдың экспорттық әлеуеті дегенде ауыз толтырып айтарымыз, оның астыққа қатысты ұстанымы. Соңғы бес жылда шетке жылына орта есеппен алғанда 6,0 млн. т. бидай сатылған. Ал 2007 жылғы өнім тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңдердегі ең жоғары деңгейді көрсетті. Соның нәтижесінде 2008 жылы сыртқы нарыққа 9,1 млн. т бидай жөнелтілді.

Осы жағдайдың маңызы мен мәні жылдан жылға ашылып келеді. Еуропаның бірқатар мемлекеттері Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктеріне назар аударып, осы бағыттағы екі жақты қатынастарды нығайта түсуге ұмтылыс танытып отыр. Мәселен, Германия, Сауд Арабиясы және басқа да елдер Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласына инвестиция салуға ықылас танытуда.

Дағдарыс өзіміздің таяудағы көршілеріміз әрі жақын бауырларымыз орталықазиялық мемлекеттердің біріге түсуіне ықпал етуде. Мемлекеттердің өзара ықпалдасуы талай ортақ проблемаларды шешуге мүмкіндік беретіндігіне қазір көз жетіп отыр. Мәселен, бір ғана шекаралық өзендердегі су ресурстарының мәселесін тиімді шешудің өзі елдердің қай-қайсысына болмасын үлкен көмек. Жуықта осы мәселе бірлесіп қаралып, жақсы келісімге қол жеткізілгендігін атап өтсек, артық болмас, өйткені су мәселесі тікелей ауыл шаруашылық мәселесіне келіп тірелетіні белгілі жай. Сонымен, Қазақстан дағдарыс қиындықтарын еңсеруде тек өз ішімізде ғана емес, халықаралық қауымдастықпен қосыла отырып жұмыс істеуде. Көптеген мәселелер бойынша бастамашылық танытып келетіні сондықтан.

Біздің агроөнеркәсіп кешенінің бәсекеге қабілеттілігі әлі де төмен. Саланың техникалық және технологиялық жағынан артта қалғанын тіпті жасыруға болмайды. Әсіресе басым көпшілік болып табылатын шаруа қожалықтары мен жеке қосалқы шаруашылықтардағы ұсақ тауар өндірісі барынша әлсіз. Мұның бәрі айналып келгенде осы саладағы еңбек өнімділігі деңгейінің алдыңғы қатардағы аграрлық экономикасы дамыған елдерден бірнеше саты төмен жатқандығына саяды. Жер өңдеу ісіндегі әртараптандыру өте баяу жүргізілуде. Заманауи технологиялар ауылшаруашылық саласында өз орнын таппай отыр. Ауылдың басты кәсібі — мал шаруашылығы тұралап жатқан орта және ірі

тауар фермаларындағы өндіріс көлемі 10 % да жетпейді. Оның тұқымын асылдандыру кенже қалып жатыр. Мал өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемасы күрделі. Ол, бірінші кезекте, мал-дәрігерлік бақылау жүйесінің халықаралық талаптарға сай келмеуінен. Депутат Ромин Мадиевтің айтуынша, еліміз азық-түлік қауіпсіздігі мен алыс болашаққа бағытталған орнықты саясат жүргізіп отырған жоқ. Мәселен, құс етін өндіруді айтсақ, тұтынылатын 180 мың т құс етінің 115 мыңы сырттан әкелінеді. Бұл жыл сайын 45 млрд. теңгенің сыртқа кетуіне әкеліп соғады. Ресей осы бағытта үлгі аларлықтай саясат ұстануда. Бұл елде тұтыну өнім көлемінің 20 % ғана сырттан әкелінеді. Қазақстан алдағы 5–7 жылға арналған өз өнімін тұтыну немесе сырттан келетін құс етіне қатысты нақты бағдарлама жасамаса, жағдай одан ары қарай ушыға берері сөзсіз екені анық. Сондықтан кем дегенде алдағы он жылға мемлекет нақты мал шаруашылығын дамыту бағдарламасының қабылдағаны жөн болар еді. Бұл ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін де, құрал-жабдық шығарушылар үшін де тиімді екенін депутат та баса айтып өтті.

Тағы бір маңызды проблема ауыл шаруашылығы өнімдерін субсидиялауға қатысты. Заңда көрсетілгендей, мемлекет ауыл шаруашылығын субсидиялауға міндетті. Дамыған елдерде мынадай тәжірибе қалыптасқан: Швейцарияда субсидиялардың 47 % азық-түлік тауары бағасына қойылса, ол Израильде — 25, Қазақстанда 10 % да жетпейді. Ауыл шаруашылық тауарларын нақты субсидиялау, оның мөлшерін он емес, ондаған пайыздық үлеске жеткізу біраз жетістіктерге жол ашатыны анық. Ал салалық министрліктегілердің айтқанына құлақ салсақ, отандық банктер бұл мәселеге араласудан алшақтап тұратын көрінеді. Ауыл шаруашылығы банкін жеделдетіп құрудың қажеттілігін көрші елдердің, соның ішінде Ресейдің тәжірибесі айғақтайды. Қазіргі ауыл шаруашылығына банктер бір ғана жылға арнап беріп жатқан айналым қаражаты ешқандай проблеманы шеше алмайды. Мәселен, Голландияда бір тұрғынға 57 гектар егіндік жерден келсе, Германияда — 189, Америкада — 574, Ресейде — 803, ал Қазақстанда 2000 гектар жер келеді. Мәселен, қазір ауылдағы малдың 90 пайызы жеке меншіктің қолында. Демек, ауыл шаруашылығында қордаланған проблемалармен бетпе-бет келіп отырғандар да қолдарында мардымды қаражаты жоқ қарапайым ауыл тұрғындары. Жеке шаруаның қолындағы малды өсіріп, өндіруге жоғары технология қолдану шешілуі өте қиын мәселе. Екінші бір проблема — асыл тұқымды малдың құрып бара жатқандығы. Ірі қараның салмағы мөлшердегінің 5–8 % ғана. Осы бағытта мемлекеттің қолдауы айтарлықтай емес, өйткені мемлекет ешқандай да орта және ірі тауар өндірісін құру үдерісін ынталандырып отырған жоқ. Малдың жемазық базасы әлсіз. «ҚазАгро» ҰХ орта және ірі тауарлы өндірісті құрумен жаңадан ғана айналысуда. Тұқымды жақсарту үшін ішкі мүмкіндіктерді де пайдаланып, сырттан асыл тұқымды импортты мал да әкелу көзделінген. Сөйтіп, 2015–2016 жылдарда асыл тұқымды мал шаруашылығын 10 % дейін көтеруді жоспарлап, 30 сүт фермасы мен 5 жемазық алаңын ұйымдастыру қолға алынбақшы.

Осы бағытта ауыл шаруашылық саласында ұсақ фермерлерді кооперативке біріктірудің жобасы жасалынған. Егерде сол жобаға жүгінсек, 450 ауыл шаруашылығы тұтыну кооперативі ұйымдастырылатын болады. Тек қана Қарағанды облысында ғана биылғы жылға дейін 20 селолық тұтыну кооперативтері құрылды. Оның алтауы мемлекет тарапынан берілетін жеңілдетілген несие арқылы өз жұмыстарын ұйымдастырып нарыққа дайын өнімдерімен шыға бастады. Осындай кооперативтер басқа да облыстарда құрылып ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілердің бастарын біріктіріп, нарыққа дайын өнімдермен шығуға толық жағдай жасай бастады. Бұл жағынан алып қарағанда, Кеңес өкіметі кезінде ауыл шаруашылық өнімдерін жеке қосалқы шаруашылықтардан сатып алып, өңдеп, тұтынушыларға уақытысымен жеткізіп беріп отырған тәжірибесі бар Қазақтұтыну кооперативтерінің одағына мүше ауылдық тұтыну кооперативтерінің жұмысын жандандыру аса маңызды. Тұтыну кооперативтері мемлекеттің Агросектордың 2006–2010 жылдарға арналған тұрақты даму концепциясына сәйкес және еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін шешуге арналған негізгі ауыл шаруашылық институттарының бір болып табылады. Өйткені мұндай жағдай мынадай аса маңызды дәлелдерге сүйене алады: біріншіден, ауылдық жерлерде халықтың жұмысқа қамтылуының біршама өсуіне және олардың табысының өсуіне қарамастан, осы уақытқа шейін жұмыссыздық белең алып, табысы төмен азаматтар саны көп қысқара қоймады. Ауылдағы тұрғындардың жартысынан көбінің табыстары өмір сүру деңгейіне қажетті табыс мөлшерінен әлдеқайда төмен болса, кейбіреулерінің табысы аталған деңгейден екі есе кем, тіпті одан да төмендері баршылық. Сондықтан қазіргі дағдарыс өршіп тұрған кезеңде ауылдағы кедейшілікті азайту кең көлемді көкейтесті мәселе болып тұр. Соның бір жолы ауыл тұрғындарының кооперативке бірігуі болып табылады, себебі кооперация — дүниежүзілік үрдіс бойынша кедейлерді қорғау ұйымы. Екіншіден, Қазақстанның ауыл шаруашылық саласында бұрынғы дәуірдегі кеңшарлар мен ұжымшарлардың орнына қаптаған шағын шаруашылық түрлері өмірге келді: шаруашылық-фермерлік қожалықтар, жеке қосалқы

шаруашылықтар. Осындай ұсақ және жекеленген шаруашылықтарды нарыққа бейімдеп, олардың қолдарын мемлекет бөлетін қорларға жеткізіп, азық-түлік рыногына шығаруға кооперативтердің орны ерекше. Үшіншіден, қазіргі кезеңде село экономикасын ауыл шаруашылығынан тыс қызмет түрлеріне әртараптандыру мәселесі күн тәртібіне бірінші кезекті мәселе болып тұр. Мысалы, жабайы өсімдіктер жемісін жинау, өңдеу, аң-балық аулау, туристік қызмет көрсету арқылы табыс табу, көлік, трактор, т.с.с. техникаларды жалға беру. Тұтыну кооперативтері одақтар, ассоциациялар құрып, қалалық кооперативтік сауда жүйесінің жұмысын жандандырып, қалаларда базарлар ашуына болады. Осы уақытқа дейін қала маңындағы бау-бақша кооперативтері кең көлемде өз жұмысын жандандыра алмай келеді. Өйткені олардың өнімдерін өткізіп беретін тұтыну кооперативтері қазір жоқтың қасы. Өкінішке орай, жеке қосалқы шаруашылықтар және қала маңындағы саябақ, бау-бақша шаруашылықтары туралы әдейі қабылданған заң болмағандықтан, олардың дамуы ретсіз және жүйелі бола алмай тұр [3].

Еуроодақ елдерінде азық-түлік өнімдерін өндіру мен оларды экспорттау ісін мемлекет тарапынан субсидиялауға мейлінше мән берілетіндігі тегін емес. Бұл мәселе Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымына (БСҰ) кіру қарсаңындағы Қазақстан үшін де барынша маңызды. Мәселен, Қазақстан БСҰ-ға қосылған жағдайда азық-түлік өнімдерін өндіруге деген мемлекеттік қолдауды 10 % деңгейде сақтап қалуды көздесе, келіссөздердің қазіргі барысында БСҰ мүшелері бізге негізінен 5 % ғана рұқсат беріп отыр. Ал дәл қазіргі сәттегі аталған мәселедегі мемлекет қолдауы іс жүзінде 2 % деңгейінен аспауда. Сондықтан БСҰ-мен келіссөздер жүріп жатқан қазіргі тұста мемлекеттік қолдауды арттыра түсу барынша маңызды екендігін ескеру өте қажет.

Әлемдік тәжірибе мынаны көрсетеді: БСҰ-ға кіруге нашар дайындалған елдер ұтылады, олар ашық әлемдік рынокқа шығу алдында өздерінің күшті және осал жақтарына жеткілікті талдау жасамайды. Мысалы, Қырғызстанның БСҰ-ға кіруінің қорытындылары тым күмәнді болып шықты. Нәтижесінде оның макроэкономикалық көрсеткіштеріне әсері шала-шарпы болды. Ал БСҰ-ға кірумен байланысты айқындамалары бұрынғыдан да барынша күшейген көршілес Қытай елінің бүгінде әлемде тауарлары бармай отырған жер жоқ. Сондықтан осыны салмақтай отырып, пайдалы тәжірибеден сабақ алуымыз керек. БСҰ-ға дер кезінде ену экономикамызды айтарлықтай өркендетсе, ал мерзімінен бұрын ену, керісінше, орны толмас өкініштерге ұрындыруы ықтимал. Біздің сыртқы экономикалық мүдделеріміздің мәні, міне, осында болуы тиіс [4].

Қазақстанның Бүкіләлемдік сауда ұйымының келісімдеріне қосылу үшін келіссөздер барысында еліміз осы кезге дейін БСҰ-ға өту үшін 21 елмен келіссөздерді аяқтағанын, қазір 26 елмен келіссөздер жүргізіліп жатқаны мерзімді баспасөзге атап өтілді. Енді үстіміздегі 2009 жылдан бастап еліміздің БСҰ-ға өтуі туралы міндеттемелерін қорытындылайтын құжаттың соңғы редакциясы бойынша жұмыс басталады. Қазір БСҰ-ға кіру бойынша нақты белгіленген күн жоқ көрінеді. Сондықтан біз оған Қазақстанға қажет болған және өзімізге тиімді болатын алғы шарттары орындалған жағдайда ғана кіруіміз орынды болар еді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Қазақстан Республикасының 2009 жылдың бірінші тоқсанына әлеуметтік-экономикалық дамуы және 2009 жылдың екінші тоқсанына сауалдары туралы ақпараты.
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009–2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары.
3. «Атамекен» Одағы». Қазақстан ұлттық экономикалық палатасының Қазақстан Республикасының Үкіметіне бағыттаған үндеуі. — 2008. — 11 қараша.
4. Бізді құтқаратын бес бағыт, немесе дағдарысқа қарсы жасалған бағдарламаның түптамыры неде? // Айқын.— 2009. — 20 қант.